

годов. Вопросы языкознания. – М., 1971 – № 6. - С. 127-129.

9. Солганик Г.Я. Лексика современной газеты // Язык и стиль средств массовой информации и пропаганды // под ред. Д.Э. Розенталя. – М.: Изд-во Моск. Университета, 1978. – С.23 – 35.

10. Королева Н.Н. Лингвопереводческий анализ англоязычных неологизмов (на материале английского и русского языков): дисс. ...канд. филол. наук. – Алматы, 2001. – 151 с.

* * *

Осы мақалада орыс тіліндегі қоғамдық саяси неологизмдердің құрылуы қарастырылады. Орыс тіліндегі саяси қоғамдық неологизмдер сөз құрылым арқылы жасалынады.

* * *

The article considers the basic ways of forming social and political neologisms in Russian. The most productive way of forming social and political neologisms in Russian is word composition.

С. Қ. Суатай

МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН ТІРКЕСТЕРДІҢ ДАМУЫ ЖАЙЫНДА

Қоғам дамуында тілдің қарым-қатынас құралы қызметінің ерекше екендігі дау тудырмайды, тіпті, тілдің өмір сүруі сүру жағдайы да қарым-қатынас қызметінің дәреже, деңгейімен байланысып жатады, сондықтан да ол жетекші қызмет аталады. Сонымен қатар, тіл осы қарым-қатынас нәтижесінде, қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асатын адамның таным әрекетін бейнелей алатын таңбалар жүйесі, өйткені тілдің негізінде ойлаумен, санамен байланысты танымдық қызмет жатады. Қарым-қатынас таным әрекеті тудырған тілдік бірліктердің өзгерістерін, өмір сүру жағдайын айқындайды.

Тіл-этнос өмірінің «айнасы», алайда тіл дамуы мен этностың, оның мәдениетінің т.б. жағдайларының дамуы тепе-тең бір ізбен, тура, сара жолмен жүретін құбылыстар емес. Әрқайсысының өзіндік заңдылығы бар болғанымен, байланыстылығы да дәлелдеуді қажетсінбейтін мәселелер. Тіл көп жағдайда өзінің ішкі заңдылықтарына сүйенеді. Ендеше тіл бірліктерінің пайда болуы, құрылымы, мағынасы т.б. мәселелер ұлттық мәдениет, ұлт болмысына қатысты жайттармен байланыста алынып қарастырылғанда ғана сыры ашылады, олардың түп төркінінде, оң бойында жатқан мәдени танымдық ақпарат айқын көрінеді. Бұл адамның таным қабілеті арқылы қоршаған әлемді таңбалап-атап, оның тілдік бейнесін жасаған атам заманнан бері сол атаулардың мағынасына әр алуан өзгерістер ену мүмкіндігін көрсетеді.

Тіл дамуы адамзат дамуымен бірге келе жатқан күрделі, жан-жақты, жүйелі-кешенді құбылыс. Оның өзіндік ішкі заңдылықтарымен қатар сыртқы даму заңдылықтары да бар.

Тілдегі өте маңызды құбылыстың бірі – жаңа атаудың жасалу жолы мен сол атаудың қалыптасу үдерісін анықтау, оның табиғаттағы заттар мен құбылыстарға жақындығын, тілдік таңбадағы сол ұғымдардың бейнелену ерекшеліктерін көрсету болып табылады.

Адамды қоршаған ортадағы, әлемдегі құбылыстар, қоғам дамуының әр кезеңінде қалыптасқан салт-дәстүр, жаңалық – бәрі де тілде өз көрінісін табады, сондықтан атау мен оның жасалу сипаты тіл ғылымы дамуының қай кезеңінде де маңызды екені белгілі. Өйткені әр уақытта қалыптасқан тілдік бірлік болмысты бейнелеп жасалған кезеңнен бастап, адамзат тарихы мен мәдениетіне қатысты болады, сондықтан да қазіргі тіл ғылымы тілдің осы танымдық қызметі, қатысымдық қызметінен туатын мән-мазмұнға айрықша назар аударып келеді.

Сөздің жасалу жүйесі тілдің қалыптасу жолын бейнелейді. Тіл дамуының нақтылы көрінісі сөздің мағыналық дамуы мен жасалу сипатынан танылады. Сөздің жасалуы - тілдік дамудың кепілі, себебі ол ұзақ уақыт аралығында қалыптасып, қалың қауымның ой таразысынан өтіп барып қабылданады [1,19].

Жалпы тіл атаулының сонымен қатар белгілі тілдер тобының өзіндік қалыптасқан сөзжасам заңдары, амал-тәсілдері, сөзжасамдық қалыптары (үлгі) болатыны белгілі. Сондай сөзжасамдық қалыптардың пайда болып тұрақтануына негіз болған жолдың бірі матаса байланысу арқылы жаңа атау жасауға ұласу жолы деуге болады.

Матасу – түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де қолданылу өрісі аса кең байланыстың түріне жатады. Матаса байла-

нысқан тіркестердің жиі қолданылуын олардың білдіретін қатысымдық мағынасымен ұштастыра қарастыру керек.

Матаса байланысқан тіркестердің өзіндік ерекшеліктері бар, біріншіден тіркес құрамына енетін сыңарлардың екеуі де белгілі тұлғада тұрады, яғни бірінші сыңар ілік септігінде, екінші сыңар тәуелдік жалғауында (*ағаштың бұтағы, үлкеннің ақылы, білгеннің пайдасы, біздің ойымыз т.б.*), екіншіден, матаса байланысатын сөздер зат есімдер және заттанған, заттық мағынаны сақтаған басқа сөз таптары болып келеді [1,266], осы белгі матасуды байланыстың басқа түрлерінен ерекшелейді. Үшіншіден, матаса байланысқан тіркес анықтауыштық қатынас жасайды, өйткені бірінші сыңар, бағыныңқы, ілік септігінде жұмсалады да, белгілі затқа иелік мән білдіреді. Алайда басыңқы сыңарсыз иелік мағына тиянақсыз болады, сондықтан басыңқы сыңар меншік мағынасын білдіріп, тұтас тіркес меншіктік қатынас құрайды. Осы меншіктік мағына сыңарлары арасындағы байланысты өте берік етеді, тіпті алшақ тұрғанның өзінде бекем байланыс сезіліп тұрады.

Тәтті ұйқының құшағында жатқан Естайдың құлағына бұл дауыс тіпті алыстан шыққандай болып естілді. Естай жүгіріп барып жерошақ басында жатқан бақанды әкеліп, шаңыраққа тіреді. Ұзақтың қара күркесі елден бұрын жығылып дайын болған (Қ.Жұмаділов «Соңғы көш»). Осындағы *Естайдың құлағында, Ұзақтың күркесі* – матаса байланысқан сөз тіркестері, ал *жерошақ басында* – матасу үлгісіндегі негізгі зат есім мен көмекші есімнің тіркесі, жекелей алғанда, *жерошақ* – бастапқыда матаса байланысқан еркін тіркестің дамуынан пайда болған күрделі атау, жеке сөз.

Мұндай тілдік деректер матасудың байланыстың өте ежелгі түрі екенін дәлелдейді. Осындай деректер көне жазбалардан да келтіріліп, ғылымда байланыстың осы түрі *түрік изафеті* аталып, түркітанушы ғалымдар назарын өткен ғасырда-ақ аударғаны белгілі.

Мұның бәрі матаса байланысқан тіркестердің табиғатынан туындайды. С.Исаев оның ілік септігіндегі сөздің тиянақсыздығы арқылы тәуелдік жалғаулы сөзге бағынып тұруы; матаса байланысқан сөздер сөйлемде қатар да, араларына сөз салып та жұмсала беруі; матасу сыңарлары зат есімнен, заттық мәндегі сөздерден құралуы; тәуелдік жалғаулы сөз сөйлем құрамында ілік септігіндегі бірнеше сөзді қатар бағындыра алуы; матасудың сыңарлары күрделі болуы мүмкін; сөйлем құрамында

тізбекті байланыс құрай алуы (*ағаштың жапырақтарының сыбдыры, жел тербеген ағаштың жапырақтарының сыбдыры т.б.*), алғашқы сыңардың жақтық мағынасымен үйлесуі; ілік септігінің түсірілуі; тәуелдік жалғауының түсірілуі тәрізді он шақты [1,269-271] белгісін көрсетеді. Аталған белгілер қаншалықты салмақты болғанымен, мұндағы өзгермейтін басты белгісі – мағына, меншіктік мағына және сол меншіктік мағынаны танытатын заттық ұғымдар арасындағы байланыс деуге болады.

Тілдік бірліктер тіл иесімен бірге жасай келе, әртүрлі өзгерістерге ұшырайды: мағыналарын кеңейтеді, тарылтады, сол арқылы қызметіне де өзгеріс енеді. Матаса байланысқан тіркестердің кейбіреулері де сол сияқты мағынасынан айырылуы, көмескіленуі нәтижесінде қазіргі күні дыбыстық өзгеріске ұшырап (*білезік, жолақы, жаздыгүні, күздігүні*), жеке сөзге, тұрақты тіркестерге айналуы мүмкін. Бұл тіркестердің бойындағы өзгерісті тіл иесінің оларды қолдану қажеттілігіне байланысты тілдегі үнемдеу, ықшамдау заңдары арқылы түсіндіруге болады. Тіл-тілдерде болатын мұндай құбылыс *лексикалану* деп аталады. *Лексикалану* – сөздердің еркін тіркес түрінде, еркін тіркес құрамында қолданыла келе, тұрақтылық сипатқа ие болуы нәтижесінде жеке сөзге парапар қолданылуы [2,196]. Қазіргі күні тілде қолданылып жүрген: *отағасы, қонақасы, ауылшаруашылығы, білезік, шәкіртақы, отбасы т.б.* толып жатқан өмірдің әр саласында ұшырасатын сөз-атаулар осы лексикалану нәтижесі. Аталған сөздер лексикалануға матаса байланысу арқылы ұшыраған. Сонда лексикалану тілдік қатынаста ұзақ уақыт жүретін үдеріс екені байқалады. Себебі матасу арқылы лексикалануға ұшыраған атаулардың құрамындағы сыңарлардың сыртқы түрінің өзгеріске түскендері (*білезік*) де, жартылай өзгергендері (*күндіз*) де, дыбыстық қалпын толық сақтағандары (*жерошақ, жермай т.б.*) да бар. Атаулардағы мұндай өзгеріс олардың қолданылу жиілігінен, ұзақтығынан туған, сол жиілік атауды қолданудың ықшамдылығын, қолайлылығын қажет етеді. Тілдік қолданыстағы белгілі бірліктің не сөз тіркесінің дербес атауышқа айналуы, тұтас сөз мағынасына ие болуы, тұрақты тіркестің біртұтас сөз мағынасында жұмсалуы үдерісі жүріп өткен [3,254]. Сөйтіп лексикалану нәтижесінде ұғым атауы пайда болады.

Әрине, тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан қарым-қатынас құралын жасау жолдары, амал-тәсілдері, олардың белгілі ізге түскен үлгі-

калыбы болады. Сол үлгі-қалыптың тұрақтануы аталған байланыс түрлері арқылы да жүзеге асады. Белгілі тәсіл арқылы байланысып қолданысқа түскен тіркес тіл иесінің қажетіне қарай белгілі бір бірлігіне айналады. Сол үлгіде тілдің сөзжасам тәсілдері қалыптасады, дегенмен осындай үлгіде қалыптасты дегеннің өзінде де белгілі атаулардың пайда болуында жекелік сипат болады. Мысалы, ғалым Ы.Маманов көрсеткен *Байжанкөл*, С.Исаев еңбектеріндегі *Қарпатай қоғыр* соның дәлелі. Мұндағы сөзжасамдық үлгі → *зат есім+зат есім*, біріншісі – біріккен сөз, екіншісі – тіркескен атау. Екеуі де белгілі оқиға негізінде пайда болған жер атаулары. Осы тәріздес атаулар көптеп саналады. Атаудың қалыптасуына себеп болып отырған – тіркестің меншіктік қатынасты білдіретін мағынасы.

Мағыналық даму матаса байланысқан тіркестердің дамуына әкеледі.

Қазіргі күні жаңа ұғымдарды атауға деген қажеттілікке орай матасу үлгісінде жасалған атаулар тілде кең қолданыста жүргені белгілі. Олардың қатарына *шәкіртақы*, *зейнетақы*, *жалақы*, *жолақы*, *малазық*, *отбасы*, *отағасы*, *қонағасы*, *төрағасы*, *сауда нүктесі*, *газ плитасы* т.б. жатқызуға болады. Бұлардың бойындағы лексикалану деңгейі әртүрлі. Белгілі үлгі бойынша жасалғанның өзінде сөзжасамдық мағынаның тұрақтанып, мағына мен тұрпақ үйлесімі үдерісі жалғасуы мүмкін екендігі айқын.

1. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалануы. – Алматы: 1986.

2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440б.

3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: 1998. – 509б.

М. В. Тавлуй

К ВОПРОСУ О ВЫДЕЛЕНИИ КОНЦЕПТА «ОБЩЕНИЕ» В РУССКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

На современном этапе усиливается интерес к изучению ментально-образных и языковых репрезентаций сознания народа, проявляющихся через концепты. Концепты воспринимаются адекватно и понимаются тождественно реципиентами, обладающими общим менталитетом. Каждый этнос формирует свои стереотипы сознания и деятельности. В сознании носителей одного языка возникает определённая языковая картина, сквозь призму которой человек видит мир. Эта картина отражает коллективную философию. Диалог культур предполагает взаимное постижение образов сознания носителей другой культуры. По нашему мнению, в ядерной части русской языковой картины мира выделяется концепт «общение», имеющий понятийную, образную и ценностную составляющие. Изучение концепта «общение» обусловлено уникальным гносеологическим опытом языкового коллектива в социокультурном пространстве Казахстана. Концепт «общение» регулярно вербализуется, в устойчивом состоянии сочетает в себе как универсальные, так и национально-специфические признаки, позволяя участникам коммуникации подключиться

к процессу осмысления этнической картины мира.

Человек определяется современной наукой, по А.Е. Карлинскому, как творец языковой картины мира, источник языкового изменения во времени, поскольку всё новое попадает в язык через речь индивидов. Учёные говорят не о речевой деятельности конкретного человека, а о человеке идеальном, об усреднённом представителе данной языковой общности, обладающем всеми необходимыми признаками *homo sapiens* и *homo loquens*, относящемся к данной исторически сложившейся культурно-языковой группе [1, с. 83]. Современная лингвистика нацелена на изучение существования и функционирования языка в обществе, состоящем из групп языковых индивидов. Антропоцентрическая парадигма в языкознании поставила человека как сложное социально-биологическое существо в центр всех языковых и ментальных процессов, связанных с его деятельностью, историей, мировоззрением, культурой, средой обитания и общественными институтами [1, с. 313]. Все значительные явления бытия отражаются в единицах языка и речи представителей